

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2021 жылғы 17 қарашадағы №ДЗ-327 сауалға

Құрметті депутаттар!

Жоғары білім сапасына қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысының қорытындысы бойынша берген тапсырмасына сәйкес академиялық қауымдастықпен талқылау қорытындысы бойынша жоғары оқу орындарын жіктеу моделі әзірленді, оны Жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оңтайландыру жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) мақұлдады.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарын жіктеу моделі «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында көзделген.

Бірінші. ЖОО-лар мынадай топтарға бөлінеді: бірінші топ – халықаралық және ұлттық деңгейдегі ЖОО-лар, екінші топ – өңірлік деңгейдегі ЖОО-лар, үшінші топ – салалық деңгейдегі ЖОО-лар. Қалған ЖОО-лар аталған топтардан тыс болады, яғни төртінші топқа жатады. Бұл ретте алғаш рет құрылатын ЖОО төртінші топқа жатады.

Екінші. Жоғары оқу орындарын топтарға бөлу білім беру, ғылыми қызмет, интернационалдандыру нәтижелеріне, сондай-ақ ел, өңір экономикасына және (немесе) салаға қосқан үлеске негізделетін болады.

Алғашқы үш топқа кіретін жоғары оқу орындары үшін білім беру бағдарламаларын аккредиттеудің болуы, олардың кәсіби стандарттарға сәйкестігі қажет. Ғылыми қызметтің табыстылығы профессорлық-оқытушылық құрамның дәйексөзділік деңгейіне, ғылыми коллаборацияға, ғылыми жобаларды коммерцияландырудан түсетін кірістерге, рейтингтік журналдардағы жарияланымдар санына байланысты айқындалатын болады.

ЖОО-ны интернационалдандыру оның халықаралық академиялық рейтингтерге кіруі, шетелдік студенттер саны, қос дипломды бағдарламалар үлесі тұрғысынан бағаланады.

Ел экономикасына қосқан үлесі жұмыс орындарын ашқан түлектердің үлесін көрсетеді, ал өңір/сала экономикасына қосқан үлесі өңірлік компанияларда және тиісті салада жұмыс істейтін орта буын түлек-менеджерлердің үлесімен айқындалады. Сондай-ақ университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі ескерілетін болады.

Үшінші. Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орындарын топтарға жіктеу тетігі жоғары оқу орындарының өтінімдері орналастырылатын мамандандырылған ақпараттық платформа арқылы жүзеге асырылады. Өтінімдер келіп түскеннен кейін жұмыс тобы тиісті сараптама жүргізеді.

Бұдан басқа, заң жобасында жоғары оқу орындарын топтар бойынша жіктеу қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту жөніндегі норма көзделген.

Осыған байланысты, қолданыстағы заңнамаға түзетулер қабылданғаннан кейін Министрлік сыныптау қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес топтар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының тізбесін бекітетін болады.

Бұдан басқа, отандық жоғары оқу орындарын дамыту жөніндегі кешенді тәсіл 2021-2025 жылдарға арналған «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасында (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 21 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген*), сондай-ақ Білім беруді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасында көзделген.

Жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, университеттердің зерттеу және инновациялық экожүйесін қалыптастыруға бағытталған «Академиялық артықшылық орталықтары» жобалары іске асырылуда. Бүгінгі күні Кеңес Академиялық артықшылық орталықтарын құру үшін 15 өңірлік және 5 педагогикалық жоғары оқу орынының тізбесін бекітті.

Бұдан басқа, Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша 2 өңірлік озық жоғары оқу орнын құру мәселесі пысықталуда. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті, АҚШ-тың Аризона университеті және Министрлік арасында Меморандумға қол қойылды. Меморандум аясында екі дипломды білім алу, жоғары білікті оқытушыларды тарту, зерттеу әлеуетін арттыру және озық тәжірибе орталығын құру қарастырылған.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетінің базасында екі мектеп құрылды: Назарбаев Университетінің басқаруымен «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі», Аризона университетінің сенімгерлік басқаруымен «Технология және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебі».

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің базасында да шетелдік әріптестермен бірлесіп мектептер ашылады.

Жаңа кәсіптер атласы негізінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу, шетелдік әріптестермен академиялық алмасу жұмыстары жалғасады.

Жалпы, университеттердің төрт топқа бөлінуі ЖОО-ларды білім беру қызметтерінің сапасын көтеруге және жалпы алғанда, жаһандық сын-қатерлер мен еңбек нарығының талаптары жағдайында жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ынталандырады.

Е. Тоғжанов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам Мажилиса Парламента Республики Казахстан

На запрос №ДЗ-327 от 17 ноября 2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос касательно качества высшего образования, сообщаем следующее.

Согласно поручению Главы государства, данного по итогам третьего заседания Национального совета общественного доверия при Президенте Республики Казахстан, по итогам обсуждения с академической общественностью разработана модель классификации вузов, которая была одобрена Советом по повышению конкурентоспособности и оптимизации вузов (*далее – Совет*).

Кроме того, данная модель классификации вузов предусмотрена в законопроекте «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан в области образования».

Первое. Вузы будут распределяться по следующим группам: первая группа – вузы международного и национального уровня, вторая – вузы регионального уровня, третья группа – вузы отраслевого уровня. Остальные вузы будут вне указанных групп, т.е. относиться к четвертой группе. Впервые создаваемый вуз будет также относиться к четвертой группе.

Второе. Классификация вузов по группам будет основана на результатах образовательной, научной деятельности, интернационализации, а также вклада в экономику страны, региона и (или) отрасли.

Для вузов, входящих в первые три группы необходимо наличие аккредитации образовательных программ, их соответствие профессиональным стандартам. Успешность научной деятельности будет определяться в зависимости от уровня цитируемости профессорско-преподавательского состава, научной коллаборации, доходов от коммерциализации научных проектов, количества публикаций в рейтинговых журналах.

Интернационализация вуза оценивается с точки зрения его вхождения в международные академические рейтинги, количества иностранных студентов, доли двудипломных программ.

Вклад в экономику страны отражает доля выпускников, открывших рабочие места, а вклад в экономику региона/отрасли определяет доля выпускников-менеджеров среднего звена, работающих в региональных компаниях и в соответствующей отрасли. Также будет учитываться доля трудоустроенных выпускников в первый год после окончания университета.

Третье. В целях обеспечения прозрачности, механизм распределения вузов по группам будет осуществляться через специализированную информационную платформу, где будут размещаться заявки вузов. После поступления заявок Рабочей группой будет проводиться соответствующая экспертиза.

Кроме того, в Законопроекте предусмотрена норма по разработке и утверждению правил и критериев классификации вузов по группам.

В связи с этим, после принятия поправок в действующее законодательство Министерством будет утвержден перечень организаций образования, реализующих образовательные программы высшего и послевузовского образования по группам в соответствии с правилами и критериями классификации.

Более того, комплексный подход по развитию отечественных вузов предусмотрен в национальном проекте «Качественное образование «Образованная нация» на 2021-2025 годы (*утвержден постановлением Правительства Республики Казахстан 21 октября 2021 года №726*), а также в Концепции развития образования на 2021-2025 годы.

Реализуются проекты «Центры академического превосходства», направленный на повышение конкурентоспособности вузов, формирование исследовательской и инновационной экосистемы университетов. На сегодня Советом утвержден перечень 15 региональных и 5 педагогических вузов для создания Центров академического превосходства.

Кроме того, прорабатывается создание 2-х региональных передовых вузов по опыту Назарбаев Университета. Подписан Меморандум между Северо-Казахстанским Университетом имени М. Козыбаева, университетом Аризоны США и Министерством. В рамках меморандума предусмотрено получение двудипломного образования, привлечение высококвалифицированных преподавателей, наращивание исследовательского потенциала и создание центра передового опыта.

На базе Северо-Казахстанского Университета им. М. Козыбаева созданы две школы: «Высшая школа социально-гуманитарных наук» под управлением Назарбаев Университета, «Высшая школа технологии и естественных наук» под доверительным управлением Университета Аризоны.

На базе Южно-Казахстанского университета имени М. Ауезова также будут открыты школы совместно с зарубежными партнерами.

Продолжится работа по разработке инновационных образовательных программ на основе Атласа новых профессий, по академическим обменам с

зарубежными партнерами.

В целом ранжирование вузов по четырем группам позволит стимулировать вузы к повышению качества образовательных услуг и в целом, к повышению конкурентоспособности системы высшего образования в условиях глобальных вызовов и требований рынка труда.

Е. Тугжанов